

ТІЛДЕРДІ ҮЙРЕНУ МЕН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ҚҰЗІРЕТТІ ТӘСІЛДЕР

Жақсылық Д.Б , Жәйлатқызы А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 4-курс білім студенттері,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі:Ф.ғ.к доцент М.О.Миров

Қазіргі кезеңде білім беру үдерісі қоғамның өркендеуіне бағытталған маңызды инвестиция ретінде қабылдануда. Мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері білім сапасы, кәсіби даярлық деңгейі мен білімге бөлінген қаржының әлеуметтік әрі экономикалық қайтарымы жайлы алаңдаушылық білдіруде. Заманауи талаптарға сай келетін білім мазмұнын қалыптастыру мәселесі жаһандық білім беру реформаларының өзекті тақырыбына айналды. Ф.Э. Вайнерттің көзқарасы бойынша, "құзыреттілік", "шеберлік", "мамандану" секілді ұғымдардың арасында терминологиялық әрі теориялық шатасулар байқалады, сондықтан "құзыреттілік" түсінігіне нақты әрі тұжырымды анықтама беру қажеттілігі туындап отыр.

Ф.Э.Вайнерт бұл тұжырымды педагогикалық-психологиялық және социологиялық көзқарастар арасында байланыстырушы көпір ретінде қарастырады. Ол "құзыреттілік" ұғымын "белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін дағдылар мен бейімділіктердің белгілі бір жүйеленген формасы" ретінде сипаттайды. Бұл анықтама жеке тұлғаның жеке қабілеттеріне де, сондай-ақ әлеуметтік құрылым немесе ұйымдар аясында көрінетін дағдыларға да қатысты болуы ықтимал [1, 27 б.].

Халықаралық аренада құзыреттілікке қатысты зерттеулер 1990 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) бастамасымен жүзеге асырылған DeSeCo атты пәнаралық жоба аясында қолға алынды (құзыреттерді айқындау мен таңдаудың теориялық және ұғымдық негіздері).

DeSeCo құзыреттілікті "білімді, танымдық дағдыларды, практикалық дағдыларды, сондай – ақ көзқарастар, эмоциялар, құндылықтар мен этика сияқты әлеуметтік және мінез-құлық компоненттерін жұмылдыруды көздейтін ішкі психикалық құрылымдар мен қабілеттер жүйесі" деп анықтайды., белгілі бір контексте қызметті сәтті жүзеге асыруға мотивация " [2, 19 б.].

Жоғары оқу орындары – бұл тұлктерді өмірлік жолға даярлайтын маңызды әлеуметтік құрылым. Алайда, адамның өмірі тек академиялық біліммен шектелмейді, ол мақсатты түрде жасалатын таңдау мен шешімдер жиынтығынан тұрады.

А.А. Реан мен Н.В. Бордовскаяның пайымдауынша, тұлғаның әлеуметтік жетілген әрі белсенді әрекет субъектісі ретінде қалыптасуы келесі факторлармен тығыз байланысты:

- Зияткерлік қабілеттіліктің дамуы;
- Оң көзқарас пен жағымды ойлау жүйесінің қалыптасуы;
- Тәуелсіздік пен жауапкершілікті жетілдіру;
- Өзін-өзі танып, дамуға және өзін жүзеге асыруға ынталандыратын ішкі мотивация [3, 11 б.].

Білім беру нәтижелері, негізінен, білім алушы оқу үдерісін аяқтағаннан кейін меңгерген білімі, тәжірибесі және практикалық дағдылары арқылы өлшеніп, құзыреттілік тұрғысынан бағаланады.

Құзыреттілік — бұл өзгермейтін, тұрақты сипат емес. Ол тұлғаның әлеуметтенуімен, қоғаммен қарым-қатынас орнатуымен және ұжымдық іс-әрекетпен үздіксіз байланыста дамиды. Осыған байланысты оның қалыптасуы өмір бойы жалғасатын үдеріс болып табылады: адам өзін жетілдіру мен үздіксіз үйрену арқылы әрдайым алға ұмтылады. Кәсіби табыс пен ұзақ мерзімді мамандық өмірі бұл үрдістің нақты дәлелі ретінде түрлі тәжірибелермен расталған (Рычен, Салганик және т.б., 2001).

Осы әдістемелік тұжырым 2006 жылы желтоқсанда Еуропалық Парламент пен Кеңес қабылдаған "Өмір бойы білім алуға қажетті негізгі құзыреттер" туралы Ұсынымда көрініс тапты. Бұл құжат сарапшылар мен мемлекеттік құрылымдар өкілдерінің бес жыл бойы жүргізген бірлескен жұмысының нәтижесі болды және құзыреттіліктерді жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындайды. Онда төмендегідей сегіз басты құзырет атап көрсетілген:

1. Ана тіліндегі коммуникация;
2. Шет тілінде қарым-қатынас жасау;
3. Математика мен жаратылыстану-техникалық салалардағы негізгі құзыреттіліктер;
4. Сандық сауаттылық;
5. Оқуға деген қабілеттілік;
6. Әлеуметтік және азаматтық жауапкершілік;
7. Кәсіпкерлік пен бастамашылдық қабілет;
8. Мәдени сананы тану мен шығармашылықты қолдану [4, 81 б.].

Құзыреттілік ұғымын түсіндіру және оны әр елдің ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес бейімдеу тәсілдері елеулі түрде өзгешеленеді. Бұл айырмашылық тек терминология мен мазмұнды аудару барысында ғана емес, оны жүзеге асырудың жалпы тәсілдерінде де байқалады. Мемлекеттер құзыреттілікке бағытталған білім беру моделін қабылдау деңгейі мен осы көзқарасты нақты оқу бағдарламаларында жүзеге асыру мүмкіндігі бойынша ерекшеленеді. Әсіресе, мектептегі педагогикалық тәжірибелер мен әдістерді жаңғыртуда үлкен айырмашылықтар бар.

Құзыреттілікке негізделген білім беруді тиімді енгізу тек келесі төрт бағытта келісілген және үйлестірілген жұмыстар жүргізілген жағдайда ғана мүмкін болады:

1. ұлттық білім беру стратегияларында құзыреттерді дамытуға бағытталған мақсаттар мен критерийлерді нақтылау;
2. бұл мақсаттар мен стандарттарға сай оқушылардың жетістіктерін бағалаудың ұлттық және мектепшілік тәсілдерін сәйкестендіру;
3. педагог кадрлардың кәсіби әлеуетін жүйелі арттыру, оларды жаңа талаптарға икемдеп, сабақ барысында тиімді қолдануға мүмкіндік беру;
4. оқу ортасын жаңарту арқылы мектеп деңгейінде оқытудың инновациялық модельдерін кеңінен тарату.

Сонымен қатар, бұл реформалардың сәтті жүзеге асуы мектептегі басқару мәдениетін дамыту мен бүкіл білім беру жүйесінің жаңашыл бағытын қолдауға бағытталған мемлекеттік инвестициялардың болуын талап етеді.

Лингвомәдени субқұзыреттілік адамның әлем туралы өзіндік түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл үдеріс ұлттық тіл мен дүниетаным, менталитет және сана арқылы көрініс табатын мәдени мазмұнның негізінде жүзеге асады, яғни ол «қайта пайымдау» құбылысына тірек болады [5, 30 б.]. Оқу барысында біз аймақтану материалдарын, ұлттық географиялық атаулардың ерекшеліктерін және оларды халықтың ауыз әдебиетімен сабақтастыру мүмкіндіктерін тиімді пайдалана аламыз. Географиялық атаулар – белгілі бір этностың тарихи-мәдени тәжірибесін, қоныстану мен даму жолын бейнелейтін, ұлттық таныммен астасқан маңызды дереккөздер болып табылады.

Сол себепті тіл білімінің бұл бағыты тек тіл мамандарының ғана емес, сондай-ақ тарихшылар, этнографтар мен география саласының зерттеушілерінің де назарын аударатын өзекті салаға жатады. Топонимика – жер-су атауларын, олардың шығу төркінін, мағынасы мен қолданылу ерекшеліктерін, сондай-ақ жүйеленуін зерттейтін лингвистикалық бағыт. Бұл ғылым бүгінде кең танымал әрі көпсалалы сипатқа ие.

Қазақстанда білім беру саласын жаңғырту тұжырымдамасы аясында шет тілін оқытудың коммуникативтік бағытына ерекше көңіл бөлінеді. Кәсіби стандарттардың барлығы білім алушылардың шет тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Болашақ маман – ғылым, техника, өндіріс пен білім салаларында шет тілін кәсіби мақсатта еркін қолдана алатын тұлға болуға тиіс. Коммуникативтік құзыреттілікті игеру – бұл жай ғана тілді меңгеру емес, сонымен қатар тілдік бөгеттерді еңсеру қабілеті. Мұндай құзырет студентке кәсіби сұраныстарды қанағаттандырумен қатар, өзін-өзі жетілдіру және дамытуды мақсат еткен қарым-қатынас дағдыларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Коммуникативтік құзыреттілік» ұғымын ғылыми айналымға алғаш енгізген М.Н. Вятютнев. Ол бұл құбылысты адамның түрлі қарым-қатынас жағдайларында тиімді әрекет етуге қажетті тілдік бағдарламаларды іріктеп, іске асыру қабілеті ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, ол коммуникативтік жағдаяттарды сұхбаттың мазмұны, тапсырма сипаты мен қарым-қатынас форматына байланысты талдап, топтастыра білудің маңызын атап көрсетеді [5, 202 б.].

Коммуникативті құзыреттілік туралы Н.И. Гез былай деп көрсетеді: әртүрлі әлеуметтік контекстерде тілдің тиімді әрі дұрыс қолданылуы маңызды әрі жоғары деңгейде болуы керек. Шетел тілінің коммуникативтік құзыреттілігі күрделі құрылымды болып табылады. Еуропа Кеңесінің 1997 жылғы құжатына сәйкес, коммуникативтілік бірнеше негізгі құрамдас бөліктерден тұрады: лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық және прагматикалық.

Лингвистикалық құрамдас бөлік тілдің фонологиялық, лексикалық және грамматикалық аспектілерін қамтиды. Әлеуметтік лингвистикалық құрамдас бөлік тілді қолданудың әлеуметтік және мәдени контексттерімен байланысты, сондай-ақ ол коммуникация мен басқа да құзыреттердің өзара байланысын көрсетеді. Әлеуметтік-мәдени құзыреттілік деп, өз ана тілінде сөйлейтіндердің мәдени ерекшеліктерін, қоғамдағы әдет-ғұрыптары мен этикеттерін, әлеуметтік стереотиптер мен тарихи-мәдени құндылықтарды түсіну және оларды қарым-қатынас барысында тиімді пайдалану қабілетін айтады.

Қазақстандағы тілдерді оқыту процесінде келесі құзыреттілікке бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

- Жобалық әдіс арқылы оқыту;
- Оқу мен жазу арқылы сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- Пікірталас жүргізу әдісі, кейде оны Сократтық әдіс деп атайды;
- Ойын әдісі (тілдік ойындар, рөлдік ойындар, драматизация);
- Мәселелерді шешу арқылы талқылаулар өткізу;
- Интерактивті оқыту әдістері (жұптық немесе шағын топтарда);
- Сценарий мен контекстке негізделген оқыту әдістемесі;
- Модульдік оқыту әдісі;
- Қос сабақ өткізу (екі мұғаліммен).

Егер біз оқыту мақсатын негізге алсақ (шет тілдерінде еркін сөйлей білу), тілді оқытуда дәстүрлі сипаттамалар (грамматика, лексика, айтылу, жазу және т.б.) жеткіліксіз болып табылады. Тіл жүйесінің функционалдық аспектісі айтарлықтай маңызды. Мысалы:

- Іс-әрекет стратегиясы (не істелуі керек, қандай көлемде және қандай мақсатпен түсіну қажет?);
- Сөйлеу мақсаты (сөйлеу жағдайын бағалап, сәйкес тілдік құралдарды таңдау);
- Мәтіннің түрлері (түсінуге арналған мәтіндердің қандай түрлері тән?);
- Тілдік емес құралдар (жесттер, мимика, екпін мен интонация).

Қазақстанда шет тілдерін халықаралық байланыс құралы ретінде оқыту қазіргі таңда кеңінен таралған. Бұл мақсаттарға төмендегі жолдармен қол жеткізуге болады:

- Сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінде коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту;
- Тілді меңгеретін елдерде шет тілдік ортада тілдік дағдыларды қолдану (оқу тақырыптары мен жағдайлары аясында);
- Шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігінің барлық компоненттерін жетілдіру;

• Еуропалық және әлемдік мәдениет контекстінде студенттердің әлеуметтік-мәдени дамуына үлес қосу, мәдени және лингвомәдениетаралық материалдар арқылы.

Коммуникативтік құзыреттілік келесі негізгі дағдыларды қамтиды:

- Қарапайым, нақты мәтіндерді оқу және толық түсіну (негізгі ойды толық түсіну);
- Күнделікті тұрмыс, білім беру, мәдениет саласындағы әңгімелерді жүргізу;
- Өзін таныстыру, қоршаған ортаға сипаттама беру, оқиғаларды баяндау, пікір білдіру;
- Қарапайым ақпаратты жазбаша түрде жеткізу (мысалы, хат жазу).

Тілдер бойынша мемлекеттік білім беру стандартының коммуникативтік құзыреттіліктің ең төменгі деңгейі осы тұжырымдамаға негізделген [3, 206].

Қорытындылай келе, қазіргі шет тілін оқыту әдістемесінде бір ғана әмбебап әдіс жоқ екені айқын. Бұл салада қолданылатын әдіс-тәсілдер оқыту мақсаттары мен жағдайларына, сондай-ақ басқа да факторларға байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан, әртүрлі әдістердің үйлесімді қолданылуы өте маңызды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға және шет тілін үйренуге деген ынтасын оятатын әдіс-тәсілдер басты назарда болуы тиіс.

Оқытудың басты мақсаты «шет тілінде еркін сөйлесу» дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Шетел тілін оқыту процесі коммуникативтік құзыреттіліктің құрамдас бөліктері – тілдік білім, лингвомәдени білім мен елтану бойынша сөйлеу дағдыларын дамытуға негізделеді.

Шет тілін оқытуда тілдік құзыреттіліктің маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Оның құрамындағы грамматикалық дағдылар мен тілдік құралдарды меңгеру қарым-қатынас процесінің негізгі элементі болып табылады, бұл дағдыларсыз толыққанды қарым-қатынас мүмкін емес.

Коммуникативтік құзыреттілік осы мақсатты жүзеге асыру жолында шешуші рөлге ие. Сонымен қатар, шет тілін меңгеру адамның мәдениет деңгейін қалыптастырып, оның ойлау қабілетін жетілдіруге, сондай-ақ шығармашылықты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл процесс қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды және әлеуметтік мінез-құлықты жақсартуды көздейді. Осылайша, шет тілін үйренудің әртүрлі әдістері арасында дамытушы мүмкіндіктері бар әдістерге басымдық берілуі тиіс.

Лингвомәдени субкомпетенттік, кросс-мәдени және коммуникативтік құзыреттіліктердің интеграциясы мәдениет негізінде әлемді жеке қабылдау мен ұлттық тілдің, сана мен ділдің лингвомәдени көрінісін жасауға ықпал етеді. Осы тұрғыда, ұлттық география мен мәдени ерекшеліктерді пайдалану маңызды. Мысалы, топонимдер мен гидронимдер әлемнің түрлі мәдени, тарихи және тілдік аспектілерін көрсететін тиімді құралдар болып табылады. Бұл әдіс студенттерді оқуға ынталандырып, олардың шет тілін өз бетінше меңгеруіне және оны қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға бағыттайды.

Топонимдер мен гидронимдер әртүрлі тілдік, мәдени және тарихи деректерді сақтап, осы аймақтардың ерекшеліктерін білдіреді. Мысалы, сабақ барысында ғарыш тақырыбын, ғарыш кемелері немесе космодромдар жайлы мәселелерді көтеру арқылы Байқоңырдың мәнін ашуға болады. Байқоңыр Қазақстанның Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан, Ресей Федерациясының басқаруында болған, маңызды ғарыш айлағына қызмет көрсететін қала ретінде белгілі.

Бұл қала атауының бірнеше мағынасы бар. «Байқоңыр» сөзі қазақ тілінде «қоңыр-бай» немесе «ашық қоңыр шашты шебер» деген мағынаны береді, себебі бұл аймақ қоңыр мысқа бай болған. Сонымен қатар, топонимикалық фольклорда Байқоңыр атауының шығуына байланысты қызықты аңыз сақталған. Ертеде Сырдария жағасында ашаршылық болып, барлық мал қырылып кеткен. Ел басшысы қызы Қоңырды байға күйеуге беруге шешім қабылдайды. Күйеуі өте бай әрі кең пейілді адам болып, елге көптеген жақсылықтар жасайды. Осылайша, бұл жердің атауы «Байқоңыр» деп аталып, «бай Қоңыр» деген мағынаны білдіреді.

Бүгінде шет тілдерін меңгеру әрбір оқушының әлемдік мәдениетпен байланыс орнатып, халықаралық аренада өз орнын табуына ықпал етеді. Бұл мақсатқа жету үшін білім беру процесі оқушылардың жеке дамуына, сондай-ақ мемлекеттің мүддесіне тиімді әрі жан-жақты әсер етуі керек.

Білім беру процесінің нәтижелілігі оқушылардың жетістіктерімен өлшенеді. Егер бір оқушының жетістігі төмен болса, ол барлық топтың көрсеткішіне теріс әсер етіп, оқыту жүйесінің тиімділігін төмендетеді. Білім беру жүйесі өзгерістерге икемді болуын талап етеді, себебі кез келген уақытта кез келген компонентті өзгертуге мүмкіндік береді. Оқушылардың аралық жетістіктерін бақылап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізу арқылы жалпы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вятютнев М.Н. Коммуникативная направленность обучения русскому языку в зарубежных школах. Русский язык за рубежом (Оқытудың коммуникативті бағыты. Шетелдік мектептердегі орыс тілі. Шетелдегі орыс тілі), № 6, 1977ж.
2. Гез Н.И. Формирование коммуникативной компетенции как объект зарубежных методических исследований (Әдістемелік зерттеулер объектісі ретінде коммуникативті құзыретті қалыптастыру) /Иностранные языки в школе, № 2, 1985ж.
3. Кулибаева Д.Н. См. «Методологиялық негізгі басқару жүйесін басқару жүйесі международного типа» («Халықаралық білім беру типі бар мектептерді басқарудың әдістемелік негіздері» шеңберінде осы мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды талдау жүйесі»), Алматы, 2006ж.
4. Құнанбаева С. С. Теория и практика современного иноязычного образования(Қазіргі заманғы шет тілінен білім берудің теориясы мен тәжірибесі), Алматы, 2010.
5. Никонов В.А. Введение в топонимику (топонимикаға кіріспе). Москва: Наука, Тащицкий В Место ономастики среди других гуманитарных наук (Ономастиканың басқа гуманитарлық ғылымдар арасындағы орны), В.Я., № 2. 1961ж.
6. Томахин Г.Д. Америка через американизмы (американизмдер арқылы Америка). Москва: «Высшая школа», 1982ж.
7. Халықтық ономастика: ретроспективалық шолу/Қазақ ономастикасы мен терминологиясының өзекті мәселелері (National ономастика: retrospective review/қазақ ономастикасы мен терминологиясының мәселелері), 2005ж.
Республикалық ғылыми – практикалық конференциясының материалдары. Астана: «Информ-А», б. 62 – 65.